

"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 5 шілдедегі № 460 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Абай, Жетісу және Ұлытау облыстарының әкімдері осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдар болып табылатын тексеру комиссияларын - мемлекеттік мекемелерді құруды қамтамасыз етсін.

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық 2022 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ.Тоқаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2022 жылғы
№ Жарлығына
ҚОСЫМША

**Құрылатын мемлекеттік мекемелердің
ТІЗБЕСІ**

1. "Абай облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесі.
2. "Жетісу облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесі.
3. "Ұлытау облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 29 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлыққа 1-қосымшада:

мына:

"

Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының аппараттары	396
Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы	118

"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының аппараттары	405
Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы	121

".

,

мына:

"

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы	33
---	----

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы	34
---	----

".

,

мына:

"

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет), соның ішінде оның аумақтық органдары	1688
Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, оның	

ведомствосы және ведомствоның аумақтық бөлімшелері	2446
Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі, соның ішінде оның аумақтық бөлімшелері	352
Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі	1801

"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет), соның ішінде оның аумақтық органдары	1868
Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, оның ведомствосы және ведомствоның аумақтық бөлімшелері	2470
Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі, соның ішінде оның аумақтық бөлімшелері	385
Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі	1867

".

жоғарыда аталған Жарлыққа 2-қосымша осы өзгерістер мен толықтыруларға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

жоғарыда аталған Жарлыққа 3-қосымшада:

Қазақстан Республикасының жергілікті соттары судьяларының штат саны лимитінде:

мына:

"Облыстық және оған теңестірілген соттардың судьялары 458 Аудандық және оған теңестірілген соттардың судьялары 2161" деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын :

"Облыстық және оған теңестірілген соттардың судьялары 475

Аудандық және оған теңестірілген соттардың судьялары 2179".

2. "Өңірлерде сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау органдарын жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 2 мамырдағы № 67 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген құрылатын мемлекеттік мекемелердің тізбесі:

мынадай мазмұндағы 18,19 және 20-тармақтармен толықтырылсын:

"18. "Абай облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесі.

19. "Жетісу облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесі.

20. "Ұлытау облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесі.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген облыстардың, астананың, республикалық маңызы бар қалалардың тексеру комиссиялары штат санының лимиттерінде:

мына:

"

Ақмола	45
--------	----

"

деген жолдың алдынан мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

Абай	31
------	----

".

,

мына

"

Жамбыл	39
--------	----

"

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

Жетісу	29
--------	----

".

,

мына:

"

Түркістан	51
-----------	----

"

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

Ұлытау	22
--------	----

".

,

мына:

"

Алматы	52
--------	----

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Алматы	35
--------	----

".

,

мына:

"

Шығыс Қазақстан	57
-----------------	----

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Шығыс Қазақстан	35
-----------------	----

".
,

мына:

"

Қарағанды	49
-----------	----

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Қарағанды	37
-----------	----

".
,

мына:

"

ЖИЫНЫ:	668
--------	-----

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

ЖИЫНЫ:	699
--------	-----

".

3. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 11 қарашадағы № 203 Жарлығында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Агенттіктің жалпы штат саны 560 бірлік болып бекітілсін."

Қазақстан Республикасы
Президентінің кейбір
жарлықтарына енгізілетін
өзгерістер мен толықтыруларға
ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1999 жылғы 22 қаңтардағы
№ 29 Жарлығына
2-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы прокуратурасының ЖАЛПЫ ШТАТ САНЫ

Қазақстан Республикасының прокуратурасы, оның ішінде: Бас прокуратура, Құқық қорғау органдары академиясы, прокуратура органдары, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі	5837
---	------

комитет, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің аумақтық органдары	
---	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК